

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ САЛАСЫ БОЙЫНША ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ





Ойындар тізімі

1. Ою құрастыру.
2. Қай аспап жоқ?
3. Әдемі гүлдер.
4. Оюлы сырмақ.
5. Музыкалық жұмбақ.
6. Аспапты үнінен тап.
7. Бізге келген қонақтар.
8. Тында да айт.
9. Аққала мен шыршаны құрастыр
10. Сыңғыр – сыңғыр



Ою құрастыру

Мақсаты: Балаларды сандардың ретін, құрамын оңай табуға, таңбаны айыра білуге дағдыландыру.

Көрнекілік: Бірнеше бөліктерге бөлінген ою элементтері.

Ойынның барысы: Оюдың элементтерін жекелеп қиып, мысалы 4 қошқар мүйізді 2-ге бөліп, 8 бөлікті балаларға таратып береді. Түстерін сәйкестендіру, бөліктерін қиюластыру арқылы ою-өрнек құрастырылады.



Қай аспап жоқ?

Мақсаты: Балалардың зейіннің дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту

Ойынның барысы: Педагог тақтаға музыкалық аспаптардың суреттерін іледі, балалар суреттерді көреді, көздерін жұмады, көздерін ашқанда қай суреттің жоқ екенін табу керек.

Көрнекіліктер: Музыкалық аспаптар бейнеленген суреттер



Әдемі гүлдер

Мақсаты: Әдемігүлдердің суретін салуды, бедерлеп мүсіндеуді, жапсыру кезіндегі іскерлік дағдыларды еркін меңгеруге үйрету. Қиылған ұсақ бөлшектерден өздеріне таныс гүлді құрастыру. Гүлдің құрылысын беруде түстердің үйлесімділігін табуға, кеңістікте дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру.

Көрнекіліктер: Әдемі гүл суреттері, натюрморт, ашық хаттар (открытки). Гүлдердің ерекшелігіне байланысты құрылысын ашатын ұсақ қиындылар. Құрылым түзуге түстері пішініне сәйкес әр түрлі болуы қжет. Тақта, мольберт немесе фланелограф.

Ойын барысы: Гүл жапырақтарының ерекшелігіне назар аударып, сәйкес пішіндерін таңдау; Түр-түсіне, құрылысына қарай отырып, құрылым жасау; Гүлдер жайында білетін өлең тапқандар, жұмбақтар айтып



Оюлы сырмақ

Мақсаты: Балалардың ұлттық тұтынатын бұйымдар жайындағы түсініктерін жетілдіру. Текеметтен сырмақтың айырмашылығы неде екенін байқап, ерекшелігін білуге үйрету. Қолөнер шеберлерінің еңбегін, туған халқының мәдени мұрасымен сәндік қолдаңбалы өнерінің түрлерімен таныстыру.

Көрнекіліктер: Ақ және қара түсті астарлық (фон) қағаз, әр балалаға қиылған дайын ою-өрнек пішіндері, дайын қиып жапсырылған немесе сырмақтың суреті.

Ойын ережесі: а) Қиылған ою-өрнектерді түсіне, көлеміне қарай таңдау;
ә) Үйлестіре сәнді құрылым жасау;

б) Ұлттық тұтынатын бұйымдар жайындағы білімдерін нақтылау.

Барысы: Сырмақ, текемет жайындағы түсініктерін тиянақтап әңгімелеу. Суреттерін көрсету (мүмкін болса өзін көрсетіп, қайсысы текемет, қайсысы сырмақ екенін сұрау). Әдемі ою-өрнектеріне, түр-түріне назар аударып осындай сырмақтың өрнегін өздері құруға тапсырма береді. Қиылған дайын өрнектерден құрылым жасауға бағыттады. Балалардың түсіндіруден кейін өз бетінше әрекет етуіне басшылық етеді. Кейбір қиындыққы кездесіп, іс-әрекетке белсенді кірісе алмай отырған балаларға



Музыкалық жұмбақ

Мақсаты: Қатты, ақырын дыбысты сезіну қабілеттерін жетілдіру. **Көрнекіліктер:** Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар.

Шарты: Бір бала сыртқа шығады, екінші бала ойыншықты жасырады. Сырттағы бала кіріп, ойыншықты іздей бастайды. Бала ойыншыққа жақындаса қатты шапалақпен белгі береміз, жасырылған жерден алыс жүрсе ақырын шапалақтаймыз.



Аспапты үнінен тап

Мақсаты: Есту қабілетін дамытып, аспаптарды үнінен ажырату қабілетін арттыру.

Көрнекіліктер: Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар, домбыра..т.б.

Шарты: Шымылдыңтың артындағы бала өзіне ұнаған аспабын ойнайды. Аспапты үнінен кім тапса, сол жеңімпаз болады.



Бізге келген қонақтар

Мақсаты: Кейіпкердің мінезіне сай, әуенді ажырата білуге үйрету.

Көрнекіліктер: Аңның, құстың, қоянның бет пердесі.

Шарты: Алдын ала бір бала шымылдықтың артына барып, аңның немесе құстың бет пердесін киеді. Ал 3-4 бала аспаптарды алдына қойып, келген қонақтың мінезіне сай, аспапты соғады. Аю келсе-жуан дыбыстар, қоян келсе-секіртпелі дыбыстар, торғай келсе-жіңішке дыбыстарды соғу керек.



Тында да айт

Мақсаты: айналадағы заттардың дыбыстарын бір-бірінен ажырата білуге үйрету, фонематикалық есту қабілетін дамыту.

Құрал: ағаш, металл қасықтар, доп, қағаз, кітап, суы бар стақан, қоңырау, кілттер.

II нұсқасы ретінде музыкалық аспаптарды пайдалануға болады.

Ойын барысы: Жеке және топпен ойнауға болады.

Ең алды балалар үстелдегі заттарды қарап алады. Сосын тәрбиешіге теріс қарап отырады, ал тәрбиеші заттардың дыбысын шығарады, балалар дыбысты танып толық жауап береді : «Бұл қоңыраудың сыңғыры» т.с.с.

II-нұсқа. Заттардың орнына музыкалық аспаптар



Аққала мен шыршаны құрастыр

Мақсаты: Дөңгелек пішіннен аққаланы, ал ұшбұрыштан шыршаны құрастыруды үйрету. Үлгіге қарай отырып пішіндердің көлемін әртүрлі етіп (үлкен, орташа, кішкентай) орналастыруға үйрету.

Жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Шапшаңдылыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Әр түрлі көлемді (үлкен, орташа, кішкентай) дөңгелек, ұшбұрышты пішіндер.

Аққаланың қалпағы т.б.



10

Сыңғыр – сыңғыр

Мақсаты: Кеңістікте бағдарлану, дыбыс бағытын анықтай білу, есту қабілетін бағыттауды дамыту.

Қажетті құралдар: Қоңырау.

Ойын барысы: Бала көзін жұмады, ал тәрбиеші тым-тырыс оның жанына (сол, оң, артынан) келіп қоңырауды сылдырлатады. Бала көзін ашпай дыбыстың, қайдан шыққан бағытын анықтауы қажет. Егер бала қателессе, онда тағы шешеді. Ойынды 4 – 5 рет қайталайды. Баланың көзін ашпауын қадағалау керек. Бала дыбыс қайдан шықты, сол жерге бетімен бұрылып, дыбыстың бағытын көрсете білуі керек. Қоңырауды баяу сылдырлату керек.

ӘЛЕУМЕТ САЛАСЫ БОЙЫНША ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ





Ойындар тізімі

1. *Сиқырлы суреттер*
2. *Бауда ма, бақшада ма?*
3. *Бұлар нелер? Бір сөзбен ата.»*
4. *Ажырат*
5. *Кімге не керек?*
6. *Ертегі желісі бойынша бір ертегі кейіпкерлерін тап*
7. *Ертегі кейіпкерлерін ата*
8. *Қуыршақты киіндіреміз.*
9. *Үй жануарлары және олардың төлдері*
10. *Сиқырлы қапшық*



1

Сиқырлы суреттер

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.

Көрнекіліктер: әр түрлі сурет бөлінділері.

Ойын барысы: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.



Бақша да ма, бау да ма?

Мақсаты: Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру

Ойынның барысы: Тәрбиеші балаларға жемістер мен көкөністердің суреттерін көрсету арқылы олардың атауларын айтқызады. Сонан соң көкөністердің жерде, жемістердің талда өсетінін түсіндіру арқылы сұрақтар қойып, балалардың ойынға қызығушылықпен қатыстырады

Көрнекілігі: Жемістер мен көкөністердің суреттері



3

«Бұлар нелер? Бір сөзбен ата.»

Мақсаты: Әрбір карточкада бейнеленген суреттерді, ортақ сөзбен атауға үйрету.

Ойынның барысы: Балаларға суреттер көрсету арқылы олардың атауларын және оларға қандай ортақ сөз айтуға болатынын айту. Мысалы: А,Ә,Б,Г,Д-әріптер немесе қияр, қызанақ, сәбіз, қырықабат- көкіністер

Көрнекілігі: әр түрлі бір топтағы карточкалар



«Ажырат»

Мақсаты: Жыл мезгілдері бойынша киімдерді ажырата білуді үйренеді.

Ойынның барысы: жыл мезгілінің ауа-райына байланысты киетін киімдерді тауып, қажетті ұяшықтарға орналастыру керек

Көрнекілігі: қысқы, жазғы, күзгі және көктемгі киімдердің суреттері.



Мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету

Ойынның барысы: Тәрбиеші тақтаға әр түрлі мамандық иелерінің суретін орналастырады. Үстел үстінде мамандықтарға қажетті құрал жабдықтар бейнеленген кәртішкелер.

Тәрбиеші осы бейнеленген кәртішкелерді сәйкестендіріп, өз мамандық иелерінің қасына орналастыру керектігін түсіндіреді. М/ы: тігіншіге-ине, құрылысшыға-қалақ, мұғалімге-кітап т.б

Көрнекілігі: Әртүрлі мамандыққа қажетті құрал-жабдықтар бейнеленген карточкалар



«Ертегі желісі бойынша бір ертегі кейіпкерлерін тап»

Мақсаты: Есте сақтау, еске түсірц қабілеттерін нығайту.

Ойынның барысы: Тәрбиеші қағаз бетіне бейнеленген әр түрлі ертегі кейіпкерлерін ұсынады. Балалар кейіпкерлер бойынша қандай ертегіні екенің тауып, ертегіні естеріне түсіру қажет, мозайка бойынша кескінделген суретті құрастырады.

Көрнекілігі: ертегі кейіпкерінің суреттері.



Ертегі кейіпкерлерін ата

Мақсаты: Ертегілер әлемі туралы танымдарын кеңейту, ертегі кейіпкерлерін атай білуге үйрету, балалардың танымдық қасиетін дамыту, логикалық ойлау, есте сақтау, ойдан құрастыру қабілетін дамыту. Ертегінің жағымды кейіпкерлері арқылы адамгершілікке, жаман әрекет иелері іс-әрекеттері арқылы жамандықтан жиренуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.



Қуыршақты киіндіреміз.

Мақсаты: Балаларға қуыршақтың жетіспейтін киім –

кешегін таңдап, ретімен кигізуге үйрету.

Қуыршаққа деген қызығушылығын арттырып,

Әсемпазыдққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: Конверт ішінде қатырма қағаздан қиылған жалаңаш қуыршақ бейнесі, екі-үш киім үлгісі.

Ойын барысы: Тәрбиеші әр балаға конверт үлестіріп

береді. Балалар конвертті ашып, жалаңаш жатқан қуыршақты көріп, қиылған дайын киімдерін алып,

қуыршақты ретімен киіндіреді.



Үй жануарлары және олардың төлдері

Мақсаты: Ойын арқылы танымдық, ойлау қабілетін коммуникативтік, танымдық және әлеуметтік құдіреттілігін дамыту, сөздік қорын молайту есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларды үй жануарларына деген сүйіспеншілігіне арттыру арқылы үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Ойын барысы: Балалар алдымыздағы тақтада әр түрлі түстермен берілген ұяшықтар бар. Осы ұяшықтардың түсі дұрыс тауып айтылса, оның артынан жасырылған үй жануарлары шығады. Үй жануарларын дұрыс тауып, төлдерін дұрыстап атап, көрсету керек .

Қажетті көрнекіліктер: Үй жануарлары бейнеленген суреттер



«Сиқырлы қапшық»

Мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.

Көрнекіліктер: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.

Ойынның барысы: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.

КОММУНИКАЦИЯ САЛАСЫ БОЙЫНША ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ





Ойындар тізімі

1. *Сыңарын тап*
2. *Қарама-қарсы сөзді тап*
3. *Жақсы-жаман*
4. *Ауызша сөзжұмбақ*
5. *Төртінші артық*
6. *Кім солай сөйлейді?*
7. *Сипатына қарай ерекшеліктерін тап*
8. *Кім алғыр?*
9. *Ұлттық киімдерді ата*
10. *Табиғат құбылыстарын ата*



Сыңарын тап

Мақсаты: Ұлттық үлгідегі киімдер жайында түсінік беру. Аяқ киімдерді түр-түсіне, көлеміне, пішініне және ою-өрнегіне байланысты сыңарын тауып теңестіру. Ер адамдар мен әйелдер киетін аяқ киім үлгілерінің ерекшелігіне назар аудару, ұлттық ою-өрнек элементтерінің қолданылуы жайындағы ұғымдарын жетілдіру. Зейінін тұрақтандырып, есте сақтау қабілетін дамыту.

Көрнекілік: Түстері бірдей, ою-өрнек элементтерінде айырмашылықтары бар аяқ киім түрлерінің бір нешеуін дайындау. Пішініне қарай бірнеше аяқ киім түрлері

Ойын ережесі: а) Тәрбиеші ұлттық киім жөнінде әңгімелейді;
ә) Аяқ киімдердің өзіндік ерекшелігі, бір-бірінен айырмашылығын ажыратып сыңарын табуға тапсырма беріледі.

Барысы: Тәрбиеші алдындағы қораптан ұлттық үлгідегі аяқ киімдердің суреттерін көрсетіп, балалардан аяқ киімнің атауын сұрайды. Мысалы, етік, мәсі, кебіс, саптама, т.б. Осылардың ішінен әйелдер киетін аяқ киімді бөлек, ер адамдар киетін аяқ киімді бөлекқояды өтінеді. Тапсырма берілген соң аяқ киімнің қайсысын



Қарама-қарсы сөзді тап

Барысы: Ойыншылар жағалай тізіліп отырады. Ойын жүргізуші бір сөзді немесе сөйлемді атап допты бір ойыншыға лақтырады. Ойыншы допты ұстап алып, сол сөзге қарама-қарсы сөз айтып, допты кері лақтырады. Қарама-қарсы сөз айта алмаса, ойыннан шығып отырады. Ойын соңында қалған ойыншы жеңімпаз аталады. Қарама-қарсы сөздер:

Ащы- тәтті

Жақсы- жаман

Қара – ақ

Күн – түн

Қыс – жаз

Жұмсақ – қатты

Биік – аласа

Тар – кең

Жер – аспан

Үлкен – кіші

Кең – тар

Жоғары – төмен

Асты – үсті

Дос- қас

Есте сақтау – ұмытып қалу

Көңілді – көңілсіз

Батыр бала – қорқақ бала

Күн шықты - күн батты

Таң атты – кеш батты

Қайырлы таң! – Қайырлы түн!



Жақсы-жаман

Ойынның барысы: «Жақсы-жаман» - ойыны көлік тақырыбына арналған мына төмендегідей сұрақ-жауап түрінде өткізуге болады.

Көлік болғаны жақсы ма, неге? Тез балабақшаға жетуге болады. Жүк тасуға ыңғайлы.

Суықтан, жаңбырдан сақтануға болады, т.б. жауаптар. Ал, көлік несімен жаман?

Басып кетуі мүмкін. Қаланың ауасын бүлдіреді. Көлікті ұрлап, айдап әкетуі мүмкін, т.б. жауаптар. Осылай сұрақ-жауаптар арқылы балалардың көлік туралы ұғымдары қалыптасады. Осы тақырыппен өткізілген ойында дұрыс сұрақ қоюға, әңгіме дұрыс құрауға, заттың, қылықтың жақсы-жаманын айыра білуге үйрету мақсаты іске асырылады. Өз ойын дәлелдей білуге жетелейді. Тәрбиеші балаларды белгілі бір затпен не бір қылықпен таныстырады. Мысалы, жаңбырмен таныстырып болған соң Жаңбырдың несі жақсы? Деген сұраққа жауап берулерін сұрайды. Балалар өз ойларын білдіреді (әрбір ойды ескеріп отыру): «көшелерді жуады», «мен жаңбырда жүргенді жақсы көремін», «жер көгереді» және т.с.с. Содан соң тәрбиеші: «жаңбыр несімен жаман?» деген сұрақ қояды. Балалар өз ойларын білдіреді (әрбір ойды ескеріп отыру): «жер балшық болады, жүруге мүмкін емес», «су болып, суық тиіп ауырып қалуға болады», «көшелерді шайып әкетеді» т.с.с.



Ауызша сөзжұмбақ

Мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Сондай-ақ сұрақты дұрыс қойып, оларға нақты жауап беруге, сөздерді анықтауға үйретеді.

Барысы: Айталық, тәрбиеші, балаларға мысалы «жер» деген бір сөз жасырады, алайда оны дауыстап атамайды. Тек оның бірінші әрпін атайды.

Бұл сөзді табу үшін, балалар тәрбиешіге әртүрлі сұрақтар қояды:

Мысалы,

Бұл шаға ма?

Жоқ, бұл жылан емес.

Бұл жыртқыш аң ба?

Жоқ, бұл жолбарыс емес.

Бұл ұша ма?

Жоқ, бұл жапалақ емес.

Бұл біз тұрған жер ме?

Иә, бұл жер.

Ескерту: Егер де, балалар бұл сөзді таба алмай, қиналса, тәрбиеші сөздің екінші әріпін айтуына болады.



Төртінші артық

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту мен заттардың жалпылама түрін білуге үйретуге арналған бұл ойында әр командаға үш суреттен беріледі.

Барысы: Әр суретте бір зат артық бейнеленген, ал үшеуінің мағынасы бірдей. Сол үш затты бір жалпылама сөзбен атау.



Кім солай сөйлейді?

Мақсаты: жануарларды дауысынан айыра білуге

және дауыстарын еліктеуге

үйрету.

Құрал: Доп

Ойын барысы: ойынға 4-5 бала қатысады.

Балалар жарты дөңгелекке тұрады, ортасында доппен тәрбиеші тұрады.

Балаларға доп лақтырып бір жануарды атайды. Бала допты қағып ап сол

жануардың дауыс-төңісін есіке тыңдау керек.



Сипатына қарай ерекшеліктерін тап

Мақсаты: Заттарды қасиетіне қарай айыра білуге тәрбиелей отырып, байқампаздыққа баулу

Ойынның барысы: Тәрбиеші суреттер көрсетеді. М/ы: ақшақардың суреті – «Балалар сендердің алдарыңда ақшақардың суреті бейнеленген кәртішкелер бар. Бір қарағанда олардың бәрі бірдей сияқты,бірақ анықтап қарасаңдар оларда өзгешеліктер бар.Осыған байланысты сендерді суреттегі ұқсастықтар мен өзгешеліктерді байқап тез анықтауға шақырамын». Ақшақардың бетінде қандай өзгірістер бар? -екі көзі,бір қызыл мұрыны бар - бастарында ше? -біреуінде шелек,екіншісінде кастрюль - қолдарында қандай өзгерістер көріп тұрсыңдар? - сыпырғыш,күрек,таяқшалар біреуінде оң, ал екіншісінде сол қолдарында -түймелері нешеу? -үш,төрт

Көрнекіліктері: ақшақарлар, жиналмалы қуыршақтар, жатпайтын қуыршақтар,көбелектер, аюлар, біркелкі



Кім алғыр?

Мақсаты: Құлақтың естігіштігін, сөздік нұсқаулықты оны айтатын дауыс күшіне қарамастан дұрыс қабылдай білуді дамыту.

Қажетті құралдар: Ойыншықтар: қуыршақ, аю, мәшине.

Ойын барысы: Тәрбиеші үстінде ойыншықтары бар үстелдің жанында отырады. Бала одан 2 – 3 метр қашықтықта болады. «Мен сыбырмен сөйлейтін боламын, сондықтан бәрі естілу үшін тыныш отырып, зейінмен тыңда» :

Аюды ал және мәшинеге отырғыз.

Аюды мәшиненің ішінен ал.

Мәшинеге қуыршақты отырғыз.

Қуыршақты мәшинемен қыдырт.

Бала бұл тапсырмаларды естуі, тусінуі және орындауы қажет. тапсырмалар қысқа және жеңіл, ал айтылуы ақырын, бірақ айқын болу керек.



Ұлттық киімдерді ата

Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық киімдері мен бұйымдары жайлы балалардың білімдерін кеңейту шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Ата-бабамыздан қалған қазақ халқының мұрасын құрметтеуге үйрету.

Көрнекі құралдар: Қазақтың



10

Табиғат құбылыстарын ата

Мақсаты: Табиғатта болатын өзгерістерді, олардың жыл мезгілдерін сипаттайтын басты ерекшеліктерді түсіндіру. Жыл мезгілдері туралы жалпы түсінік беру барысында, табиғат құбылыстарының өзгеріп отыратынын түсінуге үйрету. Табиғатты сүюге, оны құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Табиғат

ТАНЫМ САЛАСЫ БОЙЫНША ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ





Ойындар тізімі

1. Мынау қай пішін?
2. Заттың санның цифрмен белгіле.
3. Көп және біреу.
4. Көлеңкесін тап.
5. Көршісін тап.
6. Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта.
7. Қанша? Қандай?
8. Бұл қай кезде болады?
9. Лабиринт.
10. Өз ұяшығынды тап.



Мынау қай пішін?

Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.

Қажетті құралдар: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.

Ойын барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.



Заттың санның цифрмен белгіле

Мақсаты: Зейіннің аударылуы бөліну қасиеттерін дамыту. Баланың сан туралы түсініктерін дамыту

Ойын барысы :

- 1.Топтағы заттарды санау.
- 2.Бір қатарда немесе шашырап аққан бір тектес заттарды санау осы заттардың сандық мөлшерін білдіретін цифрды атау.
- 3.Бірден бастап баланың мүмкіндігіне қарай санату

Қажетті құрал-жабдықтар: әр түрлі суреттер мен цифрлар



«Көп және біреу»

Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: көп және бір зат бейнеленген суреттер.

Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.



«Көлеңкесін тап?».

Мақсаты: Балалардың есте сақтау, көру қабілетін дамыту. Тиянақтылыққа және ұқыптылыққа үйрету.

Шарты: Суреттерде бейнеленген аңдардың, басқа заттардың көлеңкелерін ажырату. Дұрыс екенін тексеріп, беттестіру.

Ойынның құрал-жабдықтары: Көлеңкелері бейнеленген суреттер



5

Көршісін тап!

Мақсаты: Сан құрамын атап, неше бірліктен тұратынын, сандарды салыстыра білуге үйрету.

Көрнекілік: Кеспе қалтадағы сандық карточкалар: 1-10.

Барысы: Тәрбиеші бір санды атайды, м: 7 санын. Тақтаға бір бала шығып аталған санды «кеспе қалтадағы» сандар арасынан 7 санын алып қояды.

Тәрбиеші: осы санның көршілерін көрсетіндер дегенде, екі бала шығып 6 және 8 санын көрсетеді.

Әр бала өз санын түсіндіру керек, м: 7 саны 6 санынан 1-уі артық, 8 санынан 1-уі кем, 7 бірдіктен тұрады.



«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»

Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.

Ойынның құрал-жабдықтары:
қарындаштар, таяқшалар.

Ойынның мазмұны: Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын - қысқалығын анықтау. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма



«Қанша? Қандай?»

Мақсаты: 1. 10-ға дейін санауды бекіту.
2. 1-ші, 2-ші ұғымдарымен таныстыру.

Көрнекілік: Сандар («Шалқан»,
«Бауырсақ» ертегісі бойынша)

Барысы: Әр топтағы заттардың санын анықтау. Қораптан керекті санды алып қойып, ертегіні әңгімелеу, сандармен ретін анықтау. «Шалқан» ертегісі бойынша атасы бірінші, апасы екінші, қызы үшінші т.б. пайдалана кетуге



«Бұл қай кезде болады?»

Мақсаты: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту.

Ойын шарты: Бала өз суреті бойынша әңгімелейді, ал әңгіме қай мезгіл туралы айтылғанын, бағыттаушы кімге көрсетсе сол жауап береді. Жауап дұрыс болған жағдайда ғана сурет балаларға көрсетіледі.

Қажетті құралдар: Жыл мезгілдеріне



Лабиринт

Мақсаты: лабиринт арқылы жол табу балалардың логикалық ойлауын дамытумен бірге баланы шыдамдылыққа, мақсатқа жетуге үйрету.

Ойын барысы: Мұны балалардың тапсырманы орындаған кезінде байқауға болады, кейбір бала жол тапқанша ізденсе, енді біреулері жол таппаса шыдамсызданып, ашулана бастайды. Ойын кезінде бала көп ашуланатын болса, соғұрлым лабиринт шешуді көбірек берген дұрыс. Біртіндеп бала шыдамдылыққа, қиын жағдайда ұстамды болуға үйренеді. Ойын арқылы бала келешек өмірдегі кездесетін проблемаларды



10

«Өз ұяшығын тап»

Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.

Шарты: Балалардың алдарына әр түрлі геометриялық пішіндер таратылады. Түстеріне қарап қандай геометриялық пішіндерден тышқанның үйшігі құралған екенін айту.

ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫ БОЙЫНША ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ





Ойындар тізімі

1. *Өз үйінді тап*
2. *Тышқан мен мысық*
3. *Түлкі мен балапандар*
4. *Ұйқыдағы аю*
5. *Допты қуып жет*
6. *«Балапандар мен мысық»*
7. *Қояндар мен қасқыр*
8. *Кеглиді көзде*
9. *Допты тордан лақтыр*
10. *Доптар мектебі*



1

Өз үйінді тап

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.

Қажетті құралдар: түрлі-түсті дөңгелектер

Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап өз үйлерін жылдам тауып, тұра қалу.



Тышқан мен мысық

Ойын мақсаты: балаларды шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету.

Ойын шарты: Бұл ойынға топ балары бәрі тегіс қатыса алады. Балаларды (қақпа қалың) дөңгелене тұрғызып, ортаға тәрбиеші көмегімен тышқанмен мысық сайланады. Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек. Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару үшін, қақпадан тышқанды шығарып діберіп мысықты шығармауға тырысады. Мысық тышқанды ұстау үшін шапшаңдық керек. Мысық тышқанды ұстап алса, ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді.

Қажетті құралдар: мысық пен тышқан бет



Түлкі мен балапандар

Ойын мақсаты: Шапшаңдық пен мұқияттылыққа тәрбиелеу

Ойын шарты: Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы «түлкі» етіп сайлап, қалған балаларды балапандар деп әрқайсысына бетпердке кигізіп ойын ойналады. Ойында балапандар түлкі кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс.

Қажетті құралдар: түлкі мен балапандар бетперделері.



Ұйқыдағы аю

Бұл ойынға топ балалары 2-ге бөлініп қатысады.

Ойын шарты: Топ ішіндегі бір баланы аю бетпердесін кигізіп лорындыққа отырғызып қояды. Балалар орманда серуендеп келе жатып, ұйқыдағы аю көреді. Аю болса балалардың шуылынан (дыбысынан) оянып кетіп, балаларды қуа жөнеледі. Ұстап алған баланы өз мекеніне отырғызуып қояды. ойын қайта жалғаса берекді.

Қажетті құралдар: Аю бетпердесі.



Допты қуып жет

Ойын мақсаты: балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға, тез жүгіругі, түсетеріңн көлемін ажырата білуге баулу.

Ойынның шарты: бұл ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады. Тәрбиеші доптарды себетке салып алып, балалрдың алдына домалатып жібереді. «Допты қуып жет» деген белгі бойынша, балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған себетке салуы керек.



6

«Балапандар мен мысық»

Бастапқы қозғалыс: Жай жүріс, жүгіру.

Ойынға түсініктеме:

Балалар тәрбиешімен бірге мысыққа жақындап:

Мыс-мыс-мысығым,
Қандай күшті пысығым.
Пеш үстінде ұйықтайды,
Көзін қатты қыспайды.
Балапанды ұстайды?

Мысық: Мяу! деп балаларды қуа жөнеледі.



Қояндар мен қасқыр

Мақсаты: Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру.

Шарты: Бір бала қасқыр болады, ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады, ал қасқыр өзінің апанында жатады. Тәрбиеші:

- Сөкеңдеңдер қояндар,

Жүгіріңдер жортыңдар- деген кезде, қояндар үйлерінен шығып сөкеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қояндарды апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады.

Ойын 2-3 рет ойналады.



Кеглиді көзде

Мақсаты: Балаларды мергендікке, ептілікке, белгілі бір бағытты көздей білуге үйрету.

Шарты: Балалар екі қатарға бөлініп тұрады, тізілген кеглиларды қолдарындағы доппен көздеп құлату керек. Әрбір бала өзінің неше кегли құлатқанын есінде сақтап отырады. Допты оң қолымен, сол қолымен де домалатуға болады.



Допты тордан лақтыр

Мақсаты: Допты лақтыра білуге үйрету, топпен жарыса білуді ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.

Шарты: Құрылған тордың екі жағынан бөлініп тұрады. Арақашықтығы 1-1,5 метр болуы керек. Балалар тор арқылы бір-біріне допты лақтырады. Допты жерге түсірмей қағып алып отыру керек. Тәрбиеші жерге түскен допты санап отырады. Қай топта доп көп жерге түсе сол топ жеңіледі.



10

Доптар мектебі

Мақсаты: Доппен ойнаудың түрлерін үйрету, екі қолмен қағып алу, қабырғаға үру, жерге ұрып қағып алу сияқты т.б. түрлерін ойнай білу. Ептілікке тәрбиелеу.

Шарты: Балалар тәрбиешінің көрсеткен жаттығуларын орындайды.

1. Допты жоғары лақтырып екі қолмен қағып алу.
2. Допты жерге соғып екі қолмен ұстап алу.
3. Допты жерге соғып шапалақты соғып екі қолмен ұстап алу.
4. Қабырғаға допты соғып екі қолмен қағып алу.
5. Допты қабырғаға соғып ұстап алып, жерге соғып қағып алу.